

**«6D060900 – География», «6D061000 – Гидрология», «6D060800 – Экология»,
«6D090200 – Туризм» мамандықтар тобы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің
2018 жылғы жұмысы туралы**

ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D060900 – География», «6D061000 – Гидрология», «6D060800 – Экология», «6D090200 – Туризм» мамандықтары бойынша құрылған (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы география ғылымдарының докторы, профессор Нюсупова Гульнар Нурмухамедовна.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2016 ж. «31» наурыз № 103 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңеске «6D060900 – География», «6D061000 – Гидрология», «6D060800 – Экология», «6D090200 – Туризм» мамандықтары бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

1. Диссертациялық кеңесте өткізілген отырыстың саны туралы деректер: 26 желтоқсан 2018 ж. Диссертациялық кеңестің 1 отырысы болды.

2. Кеңес мәжілісіне г.ғ.д., профессор Баймырзаев К.М. 4, г.ғ.к., доцент Попов Н.В. – 1 рет қалды. Қалған мүшелер толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Какимжанов Еркін Хамитович - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 6D060900 – География.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Диссертация тақырыбы өзектілігінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің» талаптарына сәйкестігі:

1. «6D060900 – География» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін Какимжанов Еркін Хамитовичтің «Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі агроландшафттардың геоакпараттық-картографиялық негізі» докторлық диссертация тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Диссертация тақырыбы ауқымды әрі өзекті. Диссертациялық зерттеу Іле Алатауы жотасының солтүстік беткейіндегі агроландшафттарды бағалауға қатысты қазіргі заманғы геоакпараттық жүйені пайдалану негізінде орындалған. Геоакпараттық технологияларды пайдалану табиғи тақырыптық карталардың (топырақтық-геоморфологиялық, ландшафтық және физикалық географиялық, геоморфология, гидрология, климат және т.б. бойынша) сериясын әзірлеуге мүмкіндік берді. Ландшафтық карталарды құрастыру кезінде қоныстық, қонысшалық және фациялық деңгейлердегі табиғи аумақтық кешендер жіктеліп, жүйеленді. Екіншіліктің ландшафтқа бейімделген жүйесін жүзеге асыру кезеңдерінде топырақтың экологиясын (ластану, эрозия, тұздану, батпақтану және т. б.), топырақтың фитосанитарын және т.б. қамтитын аумақтардың қазіргі кездегі ландшафтық құрылымына экологиялық бағалау жүргізілді. Аумақтық кешенді талдау ландшафттану және агроландшафттық ғылым сияқты салаларындағы заманауи әдістер мен технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырылды. Ландшафтық жағдайларды экологиялық бағалаудың негізгі өлшемі, оларды ауыл шаруашылығында пайдалану мен жердің тозуы мен тұрақтылықты жоғалтуының қауіптілік дәрежесін анықтау болды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертацияның өзектілігі Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10-қаңтарда Қазақстан халқына жолдауындағы «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндіктерімен толық сәйкес келеді. Оның ішінде нақты екі мәселені қамтиды. Біріншіден, аумақтағы агроландшафттардың жүйесін зерттеу барысында физикалық-географиялық тұрғыда картографиялық талдау жасаудың қажеттілігі. Бұл үрдіс ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесінің жобасын жасаудағы бес кезеңімен байланысты: зерттелетін нысандарға аумақтық тұрғыда талдау жасау; оларды экологиялық бағалау; әрбір анықталған ландшафттардың морфологиялық бірліктерін жерді пайдалануына қарай топтастыру; топтастырылған ландшафттарға арналған кешенді агротехнологиялық шараларды анықтау; әрбір ландшафттың төлқұжаттары мен сертификаттарын дайындау. Осылардың бастамасы және біріншісі болып есептелінетін «зерттелетін нысандарды аумақтық талдаудың» өзі де бірнеше кезеңді қамтиды: аймақтың жер беті сулары мен ирригациялық жүйесінің топырақтық-геоморфологиялық жүйесіне талдау жасау және нысанның ландшафттық картасын жасау. Екіншіден, ЛБЕЖ-ді жобалаудағы жасалатын агроландшафттық карталардың нақтылығы мен дәлдік дәрежелерінің жоғары деңгейде болуы. Қазіргі заманауи геоақпараттық жүйеден (ГАЗ) тұратын технологияны пайдалану немесе оларды нақты ізденіс мақсаттарында пайдалану бейімдеулерін сауаттылықпен жүргізу өзекті мәселе табылады. Бұл географиялық талдау саласындағы зерттеудің жоғарыда аталған екі негізгі мәселесін үйлестіруде, әсіресе ЛБЕЖ сияқты үлкен тәжірибелік маңызы бар жобаларды қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Ауыл шаруашылығы министрлігіне жататын «KazAgroInnovation» мақұлдауымен 2010 жылы «Егіншіліктің ландшафтқа бейімделген жүйесін дамыту тұжырымдамасы» әзірленді.

Диссертацияның мақсаты мен алынған ғылыми нәтижелері «Цифрлық Қазақстан», «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы ұстанымдардың талаптарына сәйкес келеді, «Нұрлыжол» мемлекеттің жаңа экономикалық саясатын іске асыруға ықпал етеді. Осы міндет шеңберінде диссертациялық зерттеу ғылымды дамытуда басым бағытқа ие және ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензенттер зерттеліп отырған проблемалардың өзектілігін және қазақстандық ғылымның стратегиялық міндеттеріне бағытталғандығын атайды. Қазіргі заман талабына сай дүниежүзінің картографтары мен геоақпараттық жүйедегі ғалымдары Big Data science, Machine learning және автоматты түрде құрастырылатын карталарға қызығушылықтары бар екендігін, әлемдегі дамыған мемлекеттер саналатын АҚШ, Еуропа, Жапония және Ресей ғалымдары геоақпараттық технологияны қолдана отырып автоматты құрастырылатын карта жайында ХХІ ғасырдың басынан көңіл бөле бастағанын, әсіресе, ғарыштық технология жүйесіндегі мәліметтерді қолдана отырып әртүрлі тақырыптық карталарды құрастыру арқылы түрлі сандық технологияларды ойлап табатындығы жайлы атап өткен. Қазіргі заманғы геоақпараттық жүйені пайдалануда география және ландшафттанушы ғалымдар тарапынан, агроландшафттарды бағалауға қатысты зерттеулердің жүргізілуі әрі оны өндіріске енгізілуі, қазіргі қазақстандық қоғамдағы жаңа сапада жаңғырған терең зерделеуді қажет ететін тың әрі өзекті мәселе екендігін көрсеткен.

Рецензенттер зерттеу тақырыбының өзектілігі «Ақылды технологиялар», «Қазақстан – 2050», «Нұрлыжол», «Цифрлі Қазақстан» сынды Елбасының жыл сайынғы мемлекеттік бағдарламалары мен жолдауларына сәйкес міндеттермен тікелей байланысты екендігін атап көрсеткен. Өйткені зерттелетін нысандарға аумақтық тұрғыда талдау жасау, оларды экологиялық бағалау, әрбір анықталған ландшафттардың морфологиялық бірліктерін жерді пайдалануына қарай топтастыру, топтастырылған ландшафттарға арналған кешенді агротехнологиялық шараларды анықтау, әрбір ландшафттың төлқұжаттары мен сертификаттарын дайындау, аймақтың жер беті сулары мен ирригациялық жүйесінің

топырақтық-геоморфологиялық жүйесіне талдау жасау, нысанның ландшафттық картасын жасау – ғылыми зерттеудің құндылығын арттырып тұратындығын айтады. Сонымен қатар, қазіргі таңда әлемдегі дамыған, өркениетті елдердің дерлігі ауылшаруашылық іс-әрекеттерін ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесін (ЛБЕЖ) жобалау немесе ландшафттық жобалау негізінде іске асырылып жатқандығын көрсетеді.

Сондай-ақ рецензенттер Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі агроландшафттардың геоақпараттық-картографиялық негізінің зерттеу нәтижелері география ғылымындағы ландшафттану, агроландшафттану, геоақпараттық технологиялар, жерді арақашықтықтан зерделеу, экологиялық бағалау, ландшафттық дифференциациялау бағытында орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстары үшін зор үлесін қосатындығын көрсетті. Сонымен қатар алынған тұжырымдар мемлекеттік оқу бағдарламасындағы геоақпарат пәнінің жандануына септігін тигізетіндігін, Қазақстан көлеміндегі ландшафттар мен агроландшафттардың тұжырымдамалары жинақталып, ғылымның өзге ауыл-шаруашылық, экологиялық және топырақтану сынды зерттеулерге материал бола алатындығын, сонымен қатар ақпараттық технология, ғарыштық технология ғылымдарында «Үш өлшемді үлгілеу», «Ғарыштық суреттерді дешифрлеу» сияқты арнайы курстарда дәріс оқуға және практикалық сабақтарда қолдануға, ірі масштабтағы тақырыптық карталар құрастыруда пайдалануға болатындығын айтады.

Рецензияланған жұмыстарда диссертациялық зерттеу мазмұнына қатысты ескертпелер болмады. Жұмыста орфографиялық және стильдік жағынан ескертулер аталды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Қазақстанның инновациялық дамуында халықаралық стандарт талаптарына сәйкес келетін жоғары білікті ғылым кадрларын дайындауда бірнеше ұсыныстарды атап өтсек. Әлемдік ғылыми кеңістікте қазақстандық ғылымның дамуы мен ғылыми мектептердің қалыптасуы, білікті мамандар мен ғалымдар даярлау саналады. Осынау оң үрдістермен қатар, PhD докторанттардың жаңа буынын даярлауда проблемалар да кездеседі.

1. Докторанттардың ғылыми жарияланымдары белсендігін арттыруы механизмдерін жетілдіру;

2. Ғылыми мамандар даярлауда пәнаралық бағыттардың басымдықтарын мән беру;

3. Докторантураға оқуға қабылдаудың талаптарын жетілудіру және күшейту;

4. Пәнаралық зерттеу жұмыстарының қолданбалы сипатын арттыру мақсатында мерзімін ұзарту;

5. Ізденушінің ғылыми нәтижелерін қорғауға монография не автореферат түрінде ұсынуды міндеттеу;

6. Ғылыми зерттеу жұмыстары тақырыптары өзектілігін үш тілділік туралы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалуын бақылау.


7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	6D060900 – География	6D061000 – Гидрология	6D060800 – Экология	6D090200 – Туризм
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	1	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	-

Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	-

Диссертациялық кеңес төрайымы,
география ғылымдарының
докторы, профессор

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы,
география ғылымдарының кандидаты,
доцент



Г.Н. Нюсупова

А.А. Токбергенова

Өткізілген қорғаулар туралы **сандық ақпарат** 2 кестеде беріледі.

2 кесте

№	Дискеңес, мамандық	Барлық қорғау-лар	С.і. грант бойынша	С.і. 2018 жылы бітірген-дер	Ағылышн тілінде өткен қорғау- лар	Қазак тілінде өткен қорғау- лар	Шетел азаматта рының қорғаула ры
1	6D060900 – География	1	-	-	-	1	-
2	6D061000 – Гидрология	-	-	-	-	-	-
3	6D060800 – Экология	-	-	-	-	-	-
4	6D090200 – Туризм	-	-	-	-	-	-